

СОТҚА _____

Талапкер:

_____ Т.А.Ә. _____

ЖСН _____

Мекенжай: _____

тел.: _____

Жауапкер:

ЖК/Т.А.Ә./Атауы _____

БСН/ЖСН _____

Мекенжай.: _____

тел.: _____

ТАЛАП АРЫЗ

тауар құнын, моральдық зиянды және айыппұлды өндіріп алу туралы

«_____» ж. мен _____ (бұдан әрі –
Талапкер/Тұтынушы) _____ құнын _____ (_____) теңге болатын (бұдан әрі –
Тауар) сатып алдым. _____ **Жағдайдың сипаттамасы** _____

Тауар «_____» 20 ж. дейін жеткізілуі керек еді. Тауар үшін төлем «_____» 20 ж. жасалды, оны төлем туралы түбіртек растайды. Төлемнен кейін жауапкер қоңыраулар мен SMS-терге жауап беруді тоқтатты. Көптеген хат алмасулар нәтиже бермеді. Тауарды жеткізудің ұзақ уақыт кешігуінен кейін, төлем түбіртегінде сатушы ретінде «_____» ЖК көрсетілгенін ЖСН бойынша анықтадым.

Хабарламаларды елемегеннен кейін «_____» 20 ж. мен дау-ды сотқа дейін реттеу аясында жауапкерге талап жолдадым. Талаптың жіберілгенін «Қазпошта» АҚ сайтындағы деректер растайды. Алайда қазіргі уақытқа дейін **(қажеттісін таңдаңыз)** талапқа жауап түскен жоқ/немесе «_____» 20 ж. жауапкер талапқа жауап берген, онда

(талапқа жауаптың мазмұнын көрсетіңіз).

Талапқа жауап бермеген жауапкер Қазақстан Республикасының «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң) 42-4-бабының 2-тармағының талаптарын бұзды. Бұл тармаққа сәйкес, сатушы (өндіруші, орындаушы) тұтынушының талабын қарап, егер тұтынушының талабымен келіспесе, талапты алған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде құжаттармен негізделген уәжді жазбаша жауап беруі тиіс. Бұл құжаттардың көшірмелері сатушының (өндірушінің, орындаушының) тұтынушыға жауабына қоса берілуі қажет. **(Егер жауап болған жағдайда, бұл абзацты алып тастаңыз).**

Қазақстан Республикасының «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңының 30-бабының 6-тармағына сәйкес, тұтынушының талаптарын орындау мерзімін кешіктіргені үшін, соның ішінде сапалы тауарларды айырбастау немесе қайтару туралы талаптарды, сондай-ақ сапасыз тауарларды сату жағдайындағы тұтынушының талаптарын орындамағаны үшін сатушы (өндіруші), тұтынушының талабын қанағаттандырған күнге дейін, талап қойылған күннен бастап, тауар құнының кемінде бір пайызы мөлшерінде айыппұл (пеня, неустойка) төлеуге міндетті, егер бұл өзгеше тәртіппен шартта немесе Қазақстан Республикасының заңдарында көзделмесе.

Тұтынушы жауапкерге тауар үшін төленген ақшаны қайтару туралы өтінішпен жүгінді, алайда «_____» 20 жылы жауапкер тұтынушының талаптарын қанағаттандырудан бас

тартты. Осыған байланысты, «___»20___ жылдан бастап «___»20___ жылға дейінгі кезең үшін неустойка _____ (_____) теңгені құрайды. (Есеп: «___» 20___ жылдан бастап «___»20___ жылға дейін = ___ күн. Тауар құнының 1% мөлшері _____ теңге. Нәтижесінде, ___ күн * _____ теңге = _____ теңге).

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – ҚР АҚ) 272-бабына сәйкес, міндеттеме тиісті түрде, міндеттеме шарттары мен заңнаманың талаптарына сәйкес орындалуы тиіс.

Сонымен қатар, ҚР АҚ-нің 273-бабында міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейтіні белгіленген.

Сатушының тауарды сатып алушыға беру міндеті тауар сатып алушыға табысталған сәттен бастап орындалған болып саналады (ҚР АҚ-нің 410-бабы). Осылайша, тауарды жеткізбеген жауапкер өз міндеттемелерін орындамаған болып есептеледі.

Қазақстан Республикасының «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңының 7-бабына сәйкес, тұтынушылар мыналарға құқылы: тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) тиісті сапасына; тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) кемшіліктерінен олардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген залалдың толық көлемде өтелуіне; құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға; осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен көзделген өзге де құқықтарды іске асыруға.

Заңның 16 және 17-баптарына сәйкес, тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) кемшіліктерінен келтірілген залалды (зиянды) өтеу құқығы сатушының (өндірушінің, орындаушының) кінәсіне қарамастан және тұтынушының сатушымен (өндірушімен, орындаушымен) шарттық қатынастарда болған-болмағанына қарамастан кез келген тұтынушыға тиесілі деп танылады.

Заңның 21-бабында сатушының (өндірушінің, орындаушының) Қазақстан Республикасының тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамасында көзделген құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуына байланысты тұтынушыға келтірілген моральдық зиян өтемақысы сотпен немесе тұтынушылық дауларды сотқа дейін реттеу субъектілерімен жүзеге асырылуы мүмкін екендігі көзделген, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе.

Моральдық зиянды өтеу тауардың (жұмыстың, қызметтің) кемшіліктерінен келтірілген залалдан (зияннан) бөлек жүзеге асырылады.

Жауапкер тауарды жеткізбегендіктен, қоңыраулар мен хабарламаларды елемегендіктен, мен стресс, ашу және көңіл-күйдің төмендеуін бастан өткердім. Сонымен қатар, жұмсалған қаражатты қайтару мүмкіндіктерін іздеуге мәжбүр болдым, бұл да денсаулығымға қосымша стресс тудырды.

Осыған байланысты мен өзімнің моральдық азабымды 50 000 (елу мың) теңге мөлшерінде бағалаймын.

Сотқа дейінгі дауды реттеу барысында мен талапты жауапкерге жіберуге байланысты ___ (___) **теңге шығындандым, бұл «___»20** жылғы пошта түбіртегімен расталады.

Талапкердің сот шығындары мыналарды құрады: мүліктік сипаттағы талаптар бойынша мемлекеттік бажға _____ теңге және мүліктік емес сипаттағы талапқа _____ теңге, барлығы _____ теңге.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (ҚР АПК) 109-бабының 1-тармағына сәйкес, шешім талапкердің пайдасына шығарылған жағдайда, сот істің барлық шығындарын екінші тараптан өндіріп алуды белгілейді.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде және Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа ала отырып, соттан сұраймын:

1. _____ ЖСН -ден _____ ЖСН _____ пайдасына тауар құны ретінде _____ (_____) теңге, неустойка ретінде _____ (_____) теңге, талапты жіберу шығындары ретінде _____ (_____) теңге өндіріп беруді. Барлығы _____ (_____) теңге;
2. _____ ЖСН _____ -ден _____ ЖСН _____ пайдасына моральдық зиянды өтеу ретінде 50 000 (елу мың) теңге өндіріп беруді;
3. _____ ЖСН -ден _____ ЖСН _____ пайдасына мемлекеттік бажды төлеу бойынша сот шығындарын _____ (_____) теңге көлемінде өндіріп беруді.

Қосымшалар:

1. Мемлекеттік баж төленгенін растайтын түбіртек – 1 бет.
2. Тауар/қызмет үшін төлем туралы чек – 1 бет.
3. «».____.2023 ж. талап арыз көшірмесі – 1 бет.
4. _____ Қажет болса, қоса берілетін басқа құжаттар.
5. _____
6. Талапкердің жеке куәлігі көшірмесі.

ЭЦҚ арқылы қол қойылды
Т.А.Ә.